

Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету құқығына конкурс өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1012 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 238 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.05.2017 № 238 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету құқығына конкурс өткізу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1012 қаулысымен
бекітілген

Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету құқығына конкурс өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және байланыс саласындағы уәкілетті органның телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету құқығына конкурс өткізу тәртібін белгілейді.

2. Конкурсты өткізу мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес телекоммуникация қызметтерінің оған Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ең аз тізбесін кез келген елді мекенде байланыс қызметінің кез келген пайдаланушысына белгілі бір мерзімде белгіленген сапада және осы

қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ететін баға деңгейінде көрсету жөніндегі міндетті жүктеу үшін әмбебап қызмет көрсететін операторды айқындау болып табылады.

2. Конкурсты өткізу тәртібі

3. Конкурсты байланыс саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - ұйымдастырушы) ашық түрде жүргізеді.

4. Конкурсты өткізу мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс:

- 1) заңдылық;
- 2) адал бәсекелестік;
- 3) әділдік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің теңдігі;
- 5) конкурсты өткізу үшін қажет болып табылатын басқа да қағидаттар.

5. Конкурс тендер өткізу жолымен жүргізіледі. Конкурстың өткізілуі басталғанға дейін ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін 30 күннен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында конкурстың өткізілуі туралы хабарландыру жариялайды.

6. Хабарландыру өзіне мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;
- 2) конкурсты өткізу уақыты, күні және орны;
- 3) телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету үшін қажетті телекоммуникация қызметтерінің ең аз тізбесі;
- 4) конкурсты өткізу шарттары;
- 5) конкурстық құжаттарды алу орны мен тәсілі;
- 6) ұйымдастырушының конкурсқа қатысушыларға қоятын біліктілік талаптары;
- 7) конкурсты ұйымдастырушы белгілейтін өзге де қажетті ақпарат.

3. Конкурстық комиссияның жұмыс тәртібі

7. Конкурстық комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады.

8. Комиссия мүшелерінің құрамын конкурсты ұйымдастырушы бекітеді. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды (үштен тоғызға дейін) құрауы тиіс.

9. Конкурстық комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, конкурстық комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның функциясын орынбасар орындайды.

10. Конкурстық комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

11. Конкурстық комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Дауыстар тең түскен жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

12. Конкурстық комиссия шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

Конкурстық комиссия отырыстарының хаттамаларын белгіленген тәртіппен оның жұмыс органы дайындайды.

4. Конкурсты өткізу ерекшеліктері

13. Конкурсқа қатысуға өтінімдер болмаған немесе жеңімпазды анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсетуді комиссия монополияға қарсы саясат саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша "Байланыс туралы" Заңмен және басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен айқындалған шарттарда осы аумақта ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерінің қызметтерін көрсететін басым байланыс операторына жүктейді.

5. Қорытынды ережелер

14. Конкурстарды өткізу процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

15. Конкурсты ұйымдастырушы мен жеңімпаздың арасында жасалған шарттардың орындалуын бақылауды конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.